

"Жалпы орта білім берудегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат түріндегі оқытудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 31 қаңтардағы № 34 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 203 Бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жалпы орта білім берудегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат түріндегі оқытудың ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 31 қаңтардағы № 34 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 13 ақпанда № 4543 тіркелген) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Н.Р. Аршабеков):

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж і б е р с і н ;

2) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң м і н д е т і н
атқарушы А. Жақыпов